

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2017 жылғы «10» тамыз

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрайымы Шығыс Қазақстан облысының әкімімен кездесті

Шығыс Қазақстан облысына жасаған іссапары барысында «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрайымы Нұрбүбі Наурызбаева облыс әкімі Даниал Ахметовпен кездесті.

Естеріңізге сала кетелік, осы күні Басқарма төрайымы Шығыс Қазақстан облысының кәсіпкер әйелдерімен де кездескен болатын.

Әкіммен кездесу барысында облыс тұрғындарының жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуы, олардың қаржылық сауаттылығын арттыру және зейнетақы жүйесін жаңғырту мәселелері бойынша ақпарат тарату мәселелері талқыланды. Кездесу қорытындысы бойынша «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы мен Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі арасында ынтымақтастық және өзара әрекеттестік туралы Меморандумға қол қойылды.

Меморандумға сәйкес зейнетақы Қоры облыстың ірі қалалары мен елдімекендерінің тұрғындары арасында, кәсіпорындар мен басқа да ұйымдардың еңбек ұжымдары арасында таныстырылымдар арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті материалдар жариялайтын болады. Өз кезегінде облыс әкімдігі бұл шараларға белсенді түрде қолдау көрсетеді және қажет болған жағдайда сол шараларға қатысады.

Айта кетелік, күні бүгінге дейін жеті облыстың: Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Ақтөбе, Атырау, Алматы және Қарағанды облысы әкімдіктерімен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылған.

Бұдан басқа, іссапар барысында ірі кәсіпорындардың жұмыскерлері және шалғай елдімекендердің тұрғындарымен кездесулер өткізіліп жатыр. Зейнетақы Қоры бұл бағыттағы жұмыстарды алдағы уақытта да жалғастыратын болады.

***БЖЗҚ** 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.*

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды

жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz